

**Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушы
Башен Баймұратованың 100 жылдық мерейтойына орай
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН
ДАМУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛЕР»
БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

1. Байқаудың мақсаты

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберлігін, шығармашылық және инновациялық құзыреттерін дамыту, замануи мектепке дейінгі білім беру әдістерін насихаттау, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру және озық педагогикалық тәжірибені кеңінен тарату.

2. Байқаудың міндеттері

1. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік дайындығын және шығармашылық шеберлігін анықтау және насихаттау;
2. Замануи мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық педагогикалық идеялар мен әдістемелік тәжірибелерді енгізу;
3. Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту және білім беру процесінде цифрлық технологияларды тиімді қолдануды қолдау;
4. Үздік шығармашылық жобаларды және педагогикалық идеяларды анықтап, тәжірибеге енгізу;
5. Мектепке дейінгі ұйымдағы шығармашылық орта мен серіктестік іс-әрекет негізінде педагогикалық тәжірибе алмасуды ынталандыру.

3. Қатысушылар

- Мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен әдіскерлері;

4. Қатысу форматы

Байқау халықаралық ғылыми-практикалық конференция форматында өткізіледі және 2 кезеңнен тұрады:

1. Материалдарды онлайн (бейнеролик, әдістемелік жинақ немесе авторлық бағдарлама және т.б.) aizhanauyezova@mail.ru электронды почтаға жіберілуі тиіс.
2. Онлайн жіберілген материалдар арнайы құрылған әділ қазылар алқасында тексеріледі.

5. Байқауға қойылатын мазмұндық талаптар

Қатысушы ұсынатын материал міндетті түрде төмендегі критерийлерге сай болуы тиіс:

5.1. Кәсіби шеберлік байқауы

«Мектепке дейінгі ұйым креативті тәрбиешісі»
«Ұйымдастырылған іс-әрекеттің үздік тәжірибесі»

5.2. Әдістемелік тәжірибе байқауы

«Шығармашыл әдіскер»
«Үздік педагогикалық идея»

5.3. Арт-шығармашылық байқауы

«Балабақша – шабыт мекені»
«Шығармашыл педагог шеберханасы»

1.4. Инновация және цифрлық технологиялар байқауы

«Цифрлық балабақша педагогі»

«SMART тәрбиеші»

«Инновациялық білім беру технологиялары»

5.5. Байқауды рәсімдеу талаптары

Материалдар төмендегі форматтардың бірімен ұсынылады және 31 наурызға дейін aizhanauyezova@mail.ru электронды почтаға жіберілуі тиіс.

- Презентация (10–15 слайд)

- Бейнеролик (3–5 минут)

- Әдістемелік нұсқаулық немесе авторлық бағдарлама.

БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

Алқа құрамына мектепке дейінгі білім беру саласының жетекші мамандары, Алматы қаласы білім басқарамасының ШЖҚ «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының» мамандары, сондай-ақ жоғары оқу орындарының ғалымдары құрамы енгізіледі

Қазылар алқасы мынадай міндеттерді орындайды:

1. Байқау тапсырмаларының мазмұнын, құрылымын және бағалау критерий -лерін бекітеді;

2. Қатысушылардың жұмыстарын бекітілген критерийлерге сәйкес әділ және ашық түрде бағалайды;

3. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

Бағалау критерийлері

Әділқазылар алқасы материалдарды келесі көрсеткіштер бойынша бағалайды:

№	Критерий	Сипаттамасы	Максималды балл
1	Педагогтің кәсіби құзыреттілігі	Теориялық білімді, кәсіби мәдениетті, педагогикалық этиканы білу	20
2	Инновациялық тәсілдерді қолдануы	Замануи педагогикалық технологиялар мен жаңашыл әдістерді қолдануы	15
3	Әдістемелік шеберлікті меңгеруі	Ұйымдастырылған іс-әрекетті тиімді жоспарлау, әдіс-тәсілдерді қолдану жүйелілігі	20
4	Цифрлық (сандық) технологияларды қолдану	Цифрлық (сандық) ресурстарды тиімді пайдалану	15
5	Шығармашылық және авторлық идеялары	Педагогтің шығармашылығы, жаңа педагогикалық идеяларды ұсынуы	15
6	Педагогтің практикалық нәтижелілігі	Ұсынылған тәжірибенің тиімділігі, балалардың даму нәтижелері	15

Барлығы: 100 балл

7. Марапаттау

«Мектепке дейінгі ұйым педагогтің кәсіби құзыреттерін дамытудағы инновациялар мен тиімді тәжірибелер» атты байқау жеңімпаздары келесі номинациялар бойынша марапатталады:

1. «Мектепке дейінгі ұйым педагогі–инноватор»

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісіне инновациялық әдістерді енгізген және өзін инновациялық бастамаларымен ерекшеленген үздік педагогке беріледі.

2. «Мектепке дейінгі ұйымдағы шығармашыл педагог»

Шығармашылық шеберханасы бар және мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісіне шығармашылық тәсілдерді енгізген педагогке беріледі.

3. «Ең үздік әдіскер»

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісіне замануи әдістер мен технологияларды тиімді қолданатын әдіскеріне беріледі.

4. «Инновациялық және цифрлықты меңгерген педагог»

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде инновациялық және цифрлық технологияларды белсенді қолданатын педагогке беріледі.

Жеңімпаздарға диплом, алғыс хат және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның сертификаттары беріледі.

8. Материалдарды қабылдау тәртібі

Қатысушылар материалдарын ұйымдастыру комитетіне көрсетілген электронды пошта немесе платформа арқылы жібереді. Материалдар тек белгіленген мерзімде қабылданады.

9. Байланыс ақпараты

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 050010, Алматы қ., Жамбыл көшесі 25, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология факультеті, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы, 30 каб.

Байланыс телефоны: 8701 366 27 35 Таубаева Галия Закарьяновна, 8777 317 18 47 Еркебаева Сауле Жомартовна, 8777 656 07 29 Асанханова Жанна Жеткербайқызы, 8 778 875 85 13 Ауэзова Айжан